

СӨЗІММЕН ХАЛҚЫМ АМАЛ ҚЫЛСЫН ДЕСЕҢ, АМАЛ ҚЫЛ ӨЗ СӨЗІҢМЕН ӘУЕЛ ӨЗІҢ!

Мәшһүр Жүсіп

# Баянтау

ГАЗЕТИ



Газет 1931 жылғы  
4 қыркүйектен шыға бастады

№23 (11539) 18 маусым, 2026 жыл

## ЕЛОРДАДА «ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ II СЪЕЗІ ӨТТІ

Жексенбі күні Астанада «Әділет» партиясының II съезі өтті. Күн тәртібінде партияны одан әрі дамыту, өңірлік филиалдар құру, ұйымдық құрылымды нығайту және ел дамуы жолындағы ортақ міндеттер төңірегінде саяси күштерді топтастыру мәселелері қаралды. Съезд қарсаңында стратегиялық сессия ұйымдастырылып, делегаттар партияның алдағы кезеңдегі басым бағыттарын талқылады.

II съезд қатысушыларының алдында сөз сөйлеген партия төрағасы Айбек Дәдебай Қазақстанның жаңа даму кезеңіне аяқ басқанын атап өтіп, саяси күштерден реформаларды қолдау ғана емес, халықпен тығыз жұмыс жүргізу және азаматтардың сұраныстарына нақты жауап беруді талап ететінін айтты.

– Біз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан құру бағытын толық қолдаймыз және оны мемлекетті ұзақ мерзімді нығайтудың стратегиялық бағдары деп санаймыз. Алайда реформалардың табысы тек мемлекеттік шешімдерге ғана байланысты емес. Ол қоғамның өзгерістерге қатысуға дайындығымен және саяси күштердің жауапкершілікпен әрі жасампаздықпен әрекет ете білуімен айқындалады. «Әділет» партиясы құрылған кезде біз бір қарапайым әрі қағидатты ұстанымды негізге алдық: әділетсіз тұрақты даму болмайды. Әділ ережелер орнаған жерде сенім қалыптасады. Сенім бар жерде инвестиция келеді, кәсіпкерлік дамиды, азаматтық белсенділік артып, қоғамдық бірлік нығаяды», – деді Айбек Дәдебай.

Съездегі маңызды шешімдердің бірі – Қазақстанның барлық өңірінде партия филиалдарын құру. Делегаттар тиісті шешімді қолдап, филиалдардың қызмет тәртібін айқындайтын ережені бекітті.

«Amanat» партиясының «Әділет» партиясына қосылуы мәселесі бойынша сөйлеген Айбек Дәдебай қазіргі заманның сын-қатерлері қоғам алдында тұрған нақты міндеттерді шешуге бағытталған сындарлы диалог пен нәтижелі практикалық жұмысты талап ететінін атап өтті.

«Amanat» партиясының «Әділет» партиясына қосылуы – тар партиялық мүддеден жоғары тұрған, ұлттық жауапкершілікке негізделген парасатты шешім. Бұл – Қазақстан қоғамының ел мүддесі үшін біріге алатындығымыздың нақты дәлелі. Қоғам мен мемлекет алдындағы және келер ұрпақ алдындағы жауапкершіліктен туындаған, елдік берекеге бастайтын байлам», – деді партия төрағасы Айбек Дәдебай.

Талқылау қорытындысы бойынша делегаттар «Amanat» партиясының «Әділет» партиясына қосылуы туралы шешімді қолдады. Тиісті шешім II съездің қаулысына енгізілді.

Әзірлеген:  
А.АЙТУҒАН

## БІЛІМ ЕЛ ҮМІТІ - БАЯНАУЫЛ ДАРЫНДАРЫ

15 маусым күні Шәкен Айманов атындағы мектеп-интернатында Баянауыл ауданының әкімі Ардақ Ксентаевтың қатысуымен дарынды оқушылармен салтанатты кездесу өтті. Аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен өткен шараға 2025-2026 оқу жылында халықаралық және республикалық олимпиадалар мен жарыстарда топ жарған 24 оқушы, олардың ата-аналары мен ұстаздары қатысты. Салтанатты жиында аудан әкімі Ардақ Ксентаев:



– Биыл да оқушыларымыз жоғары нәтиже көрсетіп, үмітті ақтады. Әсіресе, бір отбасынан екі бірдей баланың осындай биіктен көрінуі – үлкен мақтаныш. Бұл – отбасындағы тәрбие мен білімге деген талпыныстың жемісі. Ата-аналар мен ұстаздарға ерекше алғыс айтамын. Қымбатты жастар, сіздердің бойларыңыздағы дарын – ұлттың байлығы. Біз өз тарапымыздан сіздерді әрдайым қолдауға дайынбыз», – деп жас дарындарға жылы лебізін білдірді.

Оқу жылы бойы өзінің дарынымен, білімімен көзге түсіп, нәтижеге қол жеткізген дарындар марапатталды. Олардың қатарында білім мен ғылымда жоғары көрсеткішке қол жеткізген М.Әуезов атындағы ЖОББ мектебінің 10-сынып оқушысы Береке Мұсабеков бар. Ол Тараз

қаласында өткен республикалық олимпиадада Қазақстан тарихы пәнінен алтын медаль иеленген-ді. Сонымен бірге, Ш.Айманов атындағы ЖОББ мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы Ясмин Нұржанқызы Алматыдағы «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойынының құрмет грамотасының иегері.

Және де Майқайың кентінің №2 ЖОББ мектебінің оқушылары – Медина Тыныбек пен Жәния Қайролла Щучинск қаласында өткен XXI «Зерде» республикалық конкурсында «Физика, космос» бағыты бойынша II орын алды. Ал Айзат Бәжебай мен Саида Серікова «Туризм және спорт» бағытында құрмет грамоталарымен марапатталды.

(Жалғасы 3-бетте)

## «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

2026 жылдың 16 маусымы күні Шәкен Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатында Баянауыл ауданының үздік түлектеріне «Алтын белгі» белгісін табыстау салтанаты өтті. Биыл аудан бойынша 257 түлек мектеп бітірсе, соның 25-і ерекше білімімен оқшауланып, алтын ұясының ғана емес, бүкіл өңірдің абыройын асқақтатты.

Аудандық білім беру бөлімі ұйымдастырған шараға зиялы қауым өкілдері, ұстаздар мен ата-аналар қатысты. Жиынды ашқан аудан әкімі Ардақ Ксентаев түлектерді үлкен жетістігімен құттықтап, алдағы өмірлеріне сәттілік тіледі. Аудан басшысы үздік оқушыларға ақшалай сертификаттар, ал олардың ата-аналарына Алғыс хаттар мен гүл шоқтарын табыс етті.

(Жалғасы 3-бетте)



ТҰРАҚТЫ КЕЗДЕСУ

# АУДАН БАСШЫСЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

## ҰЗЫНБҰЛАҚТАҒЫ БАСТЫ МӘСЕЛЕ – ЖОЛ

Баянауыл ауданының әкімі Ардақ Ксентаевтың халықпен ағымдағы жылдың I жартыжылдығындағы есептік кездесулері Ұзынбұлақ ауылдық округінен бастау алды. Жиында аудан басшысы Баянауыл ауданының 2026 жылдың I жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының орындалуы мен алдағы басты басымдықтары туралы есеп берді. Ауыл жұртшылығымен жүздесуде өңірдегі инфрақұрылымды дамыту, жолдарды жөндеу және сапалы интернетпен қамтамасыз ету мәселелері кеңінен сөз болды. Баяндама барысында аудан әкімі тұрғындарды көптен мазалаған жол мәселесіне ерекше тоқталып, алдағы уақытқа жоспарланған ірі жобалармен бөлісті.

Ақши – Ұзынбұлақ жолына келсек, бұл бағыттағы күрделі жөндеу жұмыстары екі жылға жоспарланған ауқымды жоба болып табылады. Жалпы құны 750,0 млн теңгені құрайтын жоба аясында 2027 жылы 4 шақырым (350,0 млн тг), ал 2028 жылы 6 шақырым (400,0 млн тг) жол жөнделмек. Ал, Теңдік – Ұзынбұлақ жолы жайында айтсақ, ұзындығы 2 шақырым болатын бұл жолды қайта құру (реконструкциялау) жобасының құны 350,0 млн теңгені құрайды.

Ауылдық жерлердегі интернет сапасын арттыру – бүгінгі күннің басты талабы. Ардақ Ксентаев бұл бағытта да жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді. Күні бүгінге дейін Ақши ауылына талшықты-оптикалық байланыс желілерін

тарту жұмыстары қызу жүргізілуде. Сонымен қатар аудан бойынша 17 нүктеде заманауи «Starlink» спутниктік интернеті орнатылса, соның 3-еуі Ұзынбұлақ ауылындағы стратегиялық нысандарға (мектеп, әкімдік және амбулатория) қойылған.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары өздерін мазалаған өзекті мәселелерді ортаға салып, әкімнен тікелей жауап алды. Ақши ауылының зейнеткері Тұрғанбек Байділдин Ұзынбұлақ – Ақши бағытындағы 12 шақырым жолды жөндеу мәселесін және Ақши ауылының ішкі жолдарын тегістеу қажеттігін көтерді. Зейнеткердің сұрағына аудан басшысы: «Ұзынбұлақ – Ақши жолына қажетті жобалау-сметалық құжаттама толықтай дайын, жақын арада мемлекеттік сараптамаға жіберіледі. Ал тұрғындар сұраған ішкі жолдарды тегістеу жұмыстарын осы жылдың алдағы 1-2 айында жүргізуді жоспарлап отырмыз. Облыстан арнайы техника келген бойда бұл мәселе тікелей қаралады», - деп жауап берді. Сондай-ақ Ұзынбұлақ ауылының тұрғыны Ғабдолла Тәліпов ауылға жаңа мәдениет үйінің қажеттілігін немесе қолданыстағы ғимаратты қайта жаңғырту (реконструкциялау) керектігін айтты. Аудан басшысы бұл сауалға:

– Қазіргі уақытта мәдениет саласындағы жаңа құрылыстарға мораторий жарияланған. Мораторий мерзімі аяқталғаннан кейін, бұл мәселені міндетті түрде қарастырамыз, - деп ашық жауап берді.

ражат бөлінген жағдайда, бұл мәселені алдағы екі жыл көлемінде қолға алуға болады», - деп жауап берді.

Мұса Шорман ауылының тұрғыны Жанат Сарбасов балалар алаңы мен шағын футбол алаңының қауіпсіздігін сөз етті. Ол жарақаттанудың алдын алу үшін бұл нысандарды орташа жөндеуден өткізуді сұрады. Сондай-ақ малға анықтама беретін ветеринар дәрігердің тұрақты жұмыс орны жоқтығын айтып, оны әкімдік ғимаратына орналастыру қажеттігін және ауыл маңында ақбөкендердің көбейіп кеткенін жеткізді. Бұл сауалдарға байланысты аудан басшысы: «Ветеринариялық дәрігерге қатысты – маманға кабинет бөлу мәселесі алдағы уақытта қаралады. Ақбөкендер мәселесі бойынша арнайы тексеріс жүргізіліп, шешу жолдары қарастырылады. Спорт алаңдары жайында «Ауыл әкімі сметасын нақтылап, құжаттарын дайындап ауданға жіберсе, содан кейін ғана қаражат бөліп, жөндеу жұмыстарын жүргіземіз», - деп баса айтты.

Қаныш Сәтбаев ауылының тұрғыны Дәурен Үкібай да спорт мәселесін шет қалдырмады. Ол ауылдағы шағын футбол алаңының өлшемін үлкейтіп, заманауи стандартқа сай қайта жаңғыртуды және көптен бері шешімін таппай келе жатқан мал сою алаңын салу мерзімін сұрады. Аудан әкімі футбол алаңы бойынша тағы да құжаттама мен сметаның маңыздылығын ескертті. Ал мал сою алаңына қатысты тұрғындардың мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын кәсіп ашып, бұл мәселені бизнес бағытында да тиімді шеше



алатынын балама нұсқа ретінде ұсынды.

Мұса Шорман ауылының ұстазы Хабдулхакім Түсіпбаев республикалық маңызы бар жолда малдың қатысуымен болатын жол апаттары жиілеп кеткенін ашына айтты. Ол адам қауіпсіздігі үшін Мұса Шорман мен Сәтбаев ауылдарының арасындағы жол бөлігіне «Мал айдау» жол белгісін орнатуды ұсынды.

Аудан әкімі Ардақ Ксентаев бұл мәселенің өте орынды екенін атап өтті. «Осы тұсқа белгі қоюдың заңдылықтарын анықтау үшін «Қаз-АвтоЖол» ұлттық компаниясына ресми хат жолданады. Құзырлы орган өз уәкілеттілігі шегінде тиісті шараларды қолданатын болады», - деп жауап берді.

Кездесуде көтерілген әрбір мәселе арнайы хаттамаға еніп, аудан әкімдігінің тікелей бақылауына алынды.

## АШЫҚ ДИАЛОГ: СӘТБАЕВ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ӘКІМГЕ НЕ АЙТТЫ?



Халықпен тұрақты кездесулер Сәтбаев ауылдық округінде жалғасты. Жиында Баянауыл ауданының әкімі Ардақ Ксентаевтың және ауылдық округ әкімі Мұхтар Қайырдың 2026 жылдың I жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының орындалуы туралы есептері тыңдалды. Баяндамалардан кейін тұрғындар жарыссөзге шығып, ауыл өмірін жақсартуға бағытталған ұсыныс-пікірлері мен көкейкесті сауалдарын ортаға салды.

Жиынды алғашқы болып бастаған Мұса Шорман ауылының зейнеткері Қайриден Мұзафаров атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, «Жолдардың жөнделуі, тазалық пен абаттандыру жұмыстары ауылымыздың ажарын ашып, халықтың көңілінен шығуда», - деп ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар ақсақал жастардың бос уақытын тиімді өткізу мәселесін көтеріп, ауылдағы бос тұрған ескі мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізіп, спорт орталығына айналдыруды ұсынды. Аудан әкімі Ардақ Ксентаев: «Болашағымыз – жастардың қолында, бұл өте дұрыс ұсыныс. Облыстық бюджеттен қа-

## ҚҰНДЫКӨЛДЕ: СУ, МАЛ ҚОРЫМЫ ЖӘНЕ АНЫҚТАМА МӘСЕЛЕСІ

Аудан басшылығы Құндыкөл ауылының халқымен кездесті. Жиында ағымдағы жылдың I жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары баяндалып, округте атқарылған жұмыстар туралы есеп берілді. Баяндамалардан кейін кездесу еркін пікір алмасу форматына ауысып, ауыл тұрғындары өздерін мазалаған өзекті мәселелерді тікелей аудан басшылығына жолдады. Мәселен, «Баян-Су» арнасының операторы Алмас Әмірханов жарық өшкен сәтте су ұңғымаларындағы дизельді құрылғыны қосуға кедергі болып тұрған тозған аккумуляторлар мәселесін көтерді. Құндыкөл мен Егіндібұлақ ауылдары үшін бұл өте маңызды. Аудан әкімі бұл мәселенің қысқа мерзімде қарастырылып, жаңа аккумуляторлар сатып алу жұмысы шешілетінін жеткізді. Ал жеке кәсіпкер Ахметжан Жанақов ауыл іргесінде орналасқан ескі мал қорымының қолайсыздығын

алға тартты. Аудан басшысы қазіргі уақытта аудан бойынша бес ауылда жаңа мал қорымы салынып жатқанын хабарлады. Сондай-ақ Құндыкөлдегі ескі орын заң талаптарына сай жабылып, басқа қауіпсіз жерден жаңа орын белгіленетінін, құрылыс жұмыстары қолға алынатынын айтты. Өз кезегінде ауыл зейнеткері Азатбек Әкімбеков мал тапсыру үшін қажетті анықтамаларды Торайғыр, Жаңатілек сияқты көршілес ауылдардан барып алуға мәжбүр екендіктерін жеткізді. Аудан басшысы бұл мәселенің заңды шешілу жолын түсіндірді. Мал сою және анықтама алу процесі заң талаптарына сай болуы үшін ауыл ішінде арнайы мал сою алаңы болуы шарт. Сондықтан аудан әкімі ауыл тұрғындары мен кәсіпкерлерін бірлесіп, заңға сай келетін мал сою алаңын салуға шақырды.

Тұрғындар тарапынан айтылған барлық ұсыныстар мен арыз-шағымдар аудан әкімінің тікелей бақылауына алынды.

## ТҰРАҚТЫ КЕЗДЕСУ

### ЖАҢАЖОЛДАҒЫ ЛИМАНДАР НЕГЕ ТИІМСІЗ БОЛДЫ?

Баянауыл ауданының әкімі Ардақ Ксентаев Мәшһүр Жүсіп ауылында өткен халықпен тұрақты кездесуінде ауылды дамыту бағытындағы бірқатар маңызды жобаларды атап өтті. Бүгінгі таңда жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан мектептерді заманауи жиһаздармен және қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында 274,8 млн теңге қаржы бөлінген. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы мектепке 14,5 млн теңгеге жаңа еңбек кабинеті жабдықталады. Сондай-ақ қысқы жылыту маусымының қауіпсіз әрі үздіксіз болуын қамтамасыз ету үшін 68 млн теңгеге жаңа модульдік қазандық орнатылады.

Халықпен кездесу тек есеп берумен шектелмей, ауыл тұрғындарының көкейінде жүрген өзекті сауалдарына ұласты. Тұрғындар атынан сөз алған Даниял Шарапиев өткен жылы Жаңажол ауылдық округінде іске асырылған гидротехникалық құрылыстарды (лимандарды) қалпына келтіру жобасының сапасына қатысты мәселе көтерді. Оның айтуынша, көктемгі су тасқыны кезінде су лимандарға жайылмаған. Тұрғын бұл жағдайды жобалау және құрылыс жұмыстары кезінде жіберілген қателіктерден болуы мүмкін деп есептеп, мәселені тексеруді сұрады.

Аудан әкімі бұл мәселені тез арада бақылауға алатынын жеткізді. «Біз бұл мәселені тез арада бақылауға аламыз. Жұмысқа жауапты мердігерді, жобаны әзірлеуші мен техникалық қадағалау жүргізген мекеме мамандарын шақыртамыз. Арнайы комиссия құрылып, мәселе жан-жақты зерттеледі. Егер бұзылған немесе қате кеткен тұстары анықталса, мердігер мекеме бәрін өз есебінен қалпына келтіреді», - деп жауап берді аудан басшысы.

Мерейім ҚАЙРАТ

## БІЛІМ

### ЕЛ ҮМІТІ – БАЯНАУЫЛ ДАРЫНДАРЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Робототехника бойынша З.Ақышев атындағы ЖОББ мектебінің оқушылары Аманжол Нұрлыбекұлы мен Ақберен Пәзіл Астанада өткен «Роботек Гранд Торнамент-2026» халықаралық чемпионатында «Сұрыптаушы робот» санаты бойынша алтын алып, абсолютті чемпион атанды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы ЖОББ мектебінің оқушылары Төлебай Хамза мен Айару Хамза аталған халықаралық чемпионатта командалық есепте қола медаль иеленді. Ш.Шөкин атындағы ЖОББ мектебінің оқушылары Мұслим Еркін мен Алпамыс Хамза «Инверстік сызық бойымен жарыс» санатында қола жүлдегер атанды.

Спорт саласында академик Қ.Сәтбаев атындағы мектебінің дарындылары Нұралы мен Санжар Мараттар Грекияның Амфилохия қаласында өткен IV халықаралық Еуропаның кіші жасөспірімдер чемпионатында бокстан алтын және қола медаль еншіледі. Егіндібұлақ ЖОББ мектебінің оқушысы Тамирлан Серік Атыраудағы республикалық чемпионатта «Асық атудан» алтын медаль жеңіп алды. Лекер НББ мектебінің оқушылары Мирас Айханов, Мирас Аманкелді және Әкімбек Саябек Қызылордада өткен ұлттық мектеп лигасында асық атудан қола медальға ие болған-ды.

Мәдениет пен өнер саласында жетістіктерге қол жеткізген З.Ақышев атындағы ЖОББ мектебінің оқушысы Есімхан Бекмұрат Алматыда өткен халықаралық «Aigolek ART FEST» байқауының Гран-при иегері. М.Әуезов атындағы ЖОББ мектебінің оқушылары Нұртас Берекболұлы мен Ақбота Қорған Павлодардағы «Big show fest» республикалық байқауының Бас жүлдесі мен I орын иегерлері атанған. Ал Ш.Айманов атындағы ЖОББ мектеп-интернатының оқушысы Мәди Құрманғазы мен З.Ақышев атындағы ЖОББ мектебінің оқушысы Санжар Әбіш Астанада өткен республикалық «Сөз бен саз» байқауында I орын алды. З.Ақышев атындағы ЖОББ мектебінің оқушысы Айғаным Букушева Павлодарда өткен республикалық «Отанның өні» байқауында I орынға ие болды.

Іс-шара соңында ата-аналар атынан сөз алған Сәуле Мақсұтқызы аудан басшылығы мен ұстаздар қауымына алғыс білдірді. Ал халықаралық жарыстың абсолютті чемпионы Аманжол Нұрлыбекұлы құрдастарын жаңа белестерді бағындыруға шақырып, үлкен сенім білдірді.

Ақбөпе Молдашева,  
Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың II курс студенті

## БІЛІМ

### «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

#### Үздік түлектер мен дарынды оқушылар:

– **Нұралы Исабек** (Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы ЖОББМ) – облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары-2024» грантының жеңімпазы, «RoboLand» халықаралық фестивалінің I орын иегері, республикалық «Жарқын болашақ» олимпиадасының I дәрежелі дипломының иегері;

– **Әділ Әнуарбек** (Ж.Ағаділов атындағы ЖОББМ) – математика пәнінен республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегері;

– **Зейнеп Асқарқызы** (Д.Рахметов атындағы ЖОББМ) – аудандық «Алтын түлек» олимпиадасының I орын, «Ақберен» байқауының II орын Рыспанов оқуларының жүлдегері;

– **Әмір Бөпелек** (Д.Рахметов атындағы ЖОББМ) – биология пәнінен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінің III дәрежелі диплом иегері, «XXI ғасыр көшбасшысы» сайысының облыстық кезеңіне қатысушы;

– **Дәния Көкеш** (Д.Рахметов атындағы ЖОББМ) – ауыл мектептеріне арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде математикадан I орын иегері, Шәкен Айманов оқуларының номинация иегері;

– **Мадина Айтпай** (Ж.Аймауытов атындағы ЖОББМ) – география пәнінен ауыл мектептеріне арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпазы;

– **Нұрсақып Қабдуали** (Ж.Аймауытов атындағы ЖОББМ) – Қазақстан тарихы пәнінен ауыл мектептері олимпиадасының және ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңдерінің жеңімпазы;

– **Жансая Аужанова** (Ә.Марғұлан атындағы ЖОББМ) – «Тәуелсіздік ұланы» төсбелгісінің иегері, ауыл мектептері олимпиадасының облыстық кезеңінің III дәрежелі диплом иегері;

– **Ақзейнеп Совет** (Егіндібұлақ ЖОББМ) – жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінің жүлдегері;

– **Фируза Іңірбай** (Ш.Шөкин атындағы ЖОББМ) – Қазақстан халқы Ассамблеясының балалар шығармашылығы байқауының Бас жүлде иегері, математикадан аудандық олимпиаданың II дә-

режелі диплом иегері;

– **Айгүн Джафарова** (Ш.Шөкин атындағы ЖОББМ) – «Классикалық фантастика» облыстық авторлық шығармалар байқауының жүлдегері;

– **Аяулым Ерікболқызы** (М.Әуезов атындағы ЖОББМ) – «XXI ғасыр көшбасшысы» сайысының облыстық кезеңінің II дәрежелі диплом иегері, III жастар педагогикалық форумының номинация иегері;

– **Нелли Цугурова** (№2 Майқайың ЖОББМ) – пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінде I орын иегері, облыстық гуманитарлық олимпиаданың Құрмет грамотасымен марапатталған;

– **Сабина Дихан** (Қ.Кемеңгеров атындағы ЖОББМ) – облыстық Қанипа Бітібаева олимпиадасының III орын иегері, Торайғыров университетінің ішкі грант иегері;

– **Назерке Сапар** (Б.Хайдаров атындағы ЖОББМ) – республикалық «iQanat» олимпиадасының I кезеңінің жеңімпазы, Қазақстан тарихынан аудандық олимпиаданың жүлдегері;

– **Ақниет Дулат** (Шадыра ЖОББМ) – құқық негіздері пәнінен ауыл мектептері олимпиадасының облыстық кезеңінде III дәрежелі диплом иегері, «Жайдарлы Жас ұлан» интеллектуалды байқауының жеңімпазы;

– **Нұрхан Сапар** (Шадыра ЖОББМ) – «RED FEST» робототехника фестивалінің облыстық кезеңінің I дәрежелі диплом иегері, «Кенгуру» конкурсының жеңімпазы, халықаралық IELTS емтиханынан 7,5 балл иегері;

– **Гүлсезім Орынбай** (Шадыра ЖОББМ) – «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы мен «Кенгуру» математикалық конкурсының III және I дәрежелі диплом иегері;

– **Шынар Бақыт** (З.Ақышев атындағы ЖОББМ) – қазақ тілі мен әдебиетінен ауыл мектептері олимпиадасының II дәрежелі диплом иегері, Халықаралық STEM олимпиадасының III орын жүлдегері;

– **Гүлнәз Дәнібай** (З.Ақышев атындағы ЖОББМ) – химиядан ауыл мектептері олимпиадасының және «Алтын түлек» математикалық олимпиадасы өңірлік кезеңінің III және II дәрежелі диплом иегері;

– **Сағыныш Райымбек** (З.Ақышев атындағы ЖОББМ) – ауыл мектептері олимпиадасының облыстық кезеңінде II орын, «Абай оқулары» мен «Ақберен» байқауларының облыстық кезеңдерінің жүлдегері;

– **Әмина Қуан** (Ш.Айманов атындағы ЖОББМИ) – республикалық «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде I дәрежелі диплом иегері;

– **Ясмин Нұржанқызы** (Ш.Айманов атындағы ЖОББМИ) – «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде және «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық ойынында I дәрежелі диплом иегері;

– **Нұрсая Сәрсенбай** (Ш.Айманов атындағы ЖОББМИ) – «RoboZerde-2025» республикалық байқауының II орын иегері, биологиядан облыстық олимпиада мен ғылыми жобалар конкурсының жүлдегері;

– **Айым Жұмакапова** (Ш.Айманов атындағы ЖОББМИ) – «Ақбота» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері, «Жарқын болашақ» және «Ақберен» облыстық байқауларының жүлдегері.

Ақбөпе Молдашева,  
Е.Бөкетов атындағы  
ҚарУ-дың II курс студенті

## ДЕНСАУЛЫҚ

# ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ: РЫМКЕШ САПАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ



## Балалық шақ баяны

Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық болмысымызды, көнеден жеткен салт-дәстүрімізді айнытпай сақтап, оны келер ұрпақтың санасына сіңіру – үлкен жауапкершілік. Осы бір қасиетті миссияны жанына серік еткен бірегей тұлғалардың бірі – Рымкеш қажы Сапарбекқызы. Қазақстан Республикасы Кәсіби емшілер қауымдастығының толық мүшесі, халық емшісі, парапсихотерапевт, дерматолог, Шығыс халық медицинасының магистрі, «Қазақстан халық емшілері қауымдастығы» РҚБ-нің құрметті мүшесі, «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы Рымкеш Сапарбекқызын білмейтін жан кемде-кем шығар. Бойына дарыған қасиетімен халық емшілігін ғана емес, қазақтың байырғы қолөнер дәстүрін де қатар жаңғыртып жүрген Рымкеш апай ел ішінде ерекше құрметке бөленген. Оның мағыналы өмірі мен атқарып жүрген ауқымды жұмысы – ұлттық кодты сақтау мен ұрпақтан-ұрпаққа аманаттаудың жарқын үлгісі.

Рымкеш апайдың балалық шағы алтын өндірумен аты шыққан атақты Найзатас кенішінде (Қаратал селолық округіне қараған) өткен. Ол соғыстан кейінгі аласапыран, таршылық заманда дүниеге келген ұрпақтың өкілі. «Ол уақытта қазіргідей сан алуан, түрлі-түсті ойыншықтар атымен жоқ

еді. Сондағы ойнайтынымыз — қираған әдемі фарфор кеселердің жылтыраған сынықтары болатын. Соған қарамастан бізді ерте жастан еңбекке, төзімділікке баулыды», - деп еске алады кейіпкеріміз.

Әкесі Сапарбек небәрі үш жасар қызын атқа мінгізіп, қайсарлыққа тәрбиелейді. Ат жалында желмен жарысып өскен қыз баласы ширақ болып өседі. 1961 жылы отбасы Көкдомбақ ауылына көшкенде, 11 жасар Рымкештің өмірінде жаңа белес басталады. Ауылды жиектей ағатын Ащысу өзені оның нағыз шынығу мектебіне айналып, жүзмен балық аулаудың қыр-сырын меңгеруіне септігін тигізеді. Рымкеш апайдың әкесі Сапарбек Сағымбекұлы – Ұлы Отан соғысының II дәрежелі мүгедегі, қан майданнан аман оралған қаһарман. Ал анасы Бикеш Ыбырайқызы – сұрапыл жылдары тылда комбайн айдап, кейін Баянауылда агент, Найзатас кенішінде тігінші болған қайсар жан. Осынау өнегелі шаңырақта 10 перзент дүниеге келіп, оның сегізі қанаттанады. Төртінші перзент болған Рымкеш апайдың бойына ата-анасы бауырмалдық, әділдік, кісі ақысын жемеу және өнерді қадірлеу сияқты асыл құндылықтарды сіңіріп өсірді.

Рымкеш Сапарбекқызы орта мектепті тәмамдағаннан кейін-ақ жүрек қалауымен педагогикалық мамандықты таңдады. Ол Қарағанды

мемлекеттік университетінің химия-биология факультетінде сырттай оқи жүріп, алғашқы еңбек жолын Көкдомбақ ауылындағы орта мектепте мұғалім болудан бастады. Кейіннен Шөптікөл мектеп-интернатында ұстаздық қызметін жалғастырды. Химия-биология маманы болса да әдебиетке жаны құштар Рымкеш Сапарбекқызы өлең жазудан да құралақан емес еді. Уақытында облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде жарық көрген. Өз ісінің нағыз маманына айналған білікті ұстаз талай жобаларды сәтті қорғап, зор құрметке бөленді. Алайда, бойындағы тылсым күштің барын және оның өзіне маза бермейтінін анық сезінген Рымкеш апай өмірлік бағытын өзгертуді жөн көреді. Осылайша, 1993 жылдан бастап Халық медицинасы орталығында дәстүрлі емес медицина өкілдерінің біліктілігін арттыру курстарында білім алады. Осы сәттен бастап ол емшілік өнермен кәсіби түрде айналыса бастады. Бүгінгі таңда да емші апаның шипалы қолы мен жылы лебізін іздеп келетіндердің қатары толастаған емес. Оған тек Ертіс-Баян өңірі мен Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғана емес, көршілес Ресейден, тіпті алыс-жақын шетелдерден де шипа іздеген жандар арнайы ат

басын бұрып келеді.

## 50 жыл: Тән мен жанның дауасы

Рымкеш Сапарбекқызының емшілікке келуі кездейсоқтық емес. Ол – ата-бабадан дарыған қасиетті, анасының ақ сүтімен берілген дарынды ардақтай білген жан. Оның болмысына тән басты қасиет – имандылық, тазалық және адамдарға деген шексіз мейірім.

– 13 жасымда жиі ауырдым. Ел ішінде «сары ауру» (гепатит) тараған кез еді. Ол уақытта нағашы әжемнің көзі тірі болатын, сол кісі мені қоянның етімен емдеп жазды. Содан кейін өмірімде үлкен өзгерістер басталды. 17 жасқа толғанымда, алты ай бойы ұйқыдан қалдым. Күндіз-түні тоқтаусыз іс тігетінмін. Ол кезде Баянауылда Күләш Төкенова есімді туысымыз тұратын. Бірде сол үйге, Күләш апам мен Алтын жездемнің шаңырағына бардым. Олар Ақшимаңдағы Қайса атаға баруға ыңғайланып отыр екен.

Мен түн ортасында тағы да іс тігіп отырғанмын. Сыртқа шығып келген жездем мені көріп: «Неге ұйықтамайсың?» деп сұрады. Осы бір сұрақ жаныма қатты батты ма, кім білсін, егіліп жылап жібердім. Жарты жылдан бері ұйқыдан айырылғанымды айттым. Содан, не керек, ертеңіне жездем мені өздерімен бірге Қайса атаға алып кетті. Жол бойы қатты ауырып бардым. Жеткенімізде далада қазан қайнап жатыр екен, ал Қайса атаның өзіне сүлік салып жатты. Сонда ата: «Алдымен бала кірсін», - деді. Ішке ендім. Кіре бере-ақ: «Әкеңнің аманатын орындамай жүр екенсің ғой. Басым ауырады деп, шашыңды қиюды ойлап жүрсің. Ұйықтай алмай жүргенің де содан», - деді. Осыны айтты да, кемпіріне дәрі әкелуді бұйырды. Ол кісі қайнап жатқан қазаннан су алып берді. Сол үйден шыға бере ұйықтап кетіппін. Денемнен малмандай тер шығыпты. Алты айлық ұйқының есесін Ақшыманнан Баянауылға жеткенше алыппын. Бірақ ата маған: «Сен ешкімге ештеңе айтпа, екі алақаныңда жақсылық (шипа) бар», - деп ескертті. Бұл 1969 жыл болатын. Содан 1988 жылға дейін көп қиналдым. Ара-тұра адамдарды емдеп қоятынмын, бірақ содан кейін өзімді ауырлық қысып, жатып қалатын едім. Шөптікөл мектебінде оқуыма, сабағыма еш кедергісі болмағанмен, арақ-шарап («жаман су») ішкендердің жанында тұра алмайтын күйге түстім. 1988 жылы Шымкенттегі «Атабұлақ» деген жердің кереметі туралы естідім. Адамдар ол жерден су әкеліп жатты. Мен де бардым. Алғашқы күні қатты қиналдым, жер мейірімсіздікпен өзіне сорып бара жатқандай күй кештім. Сол сәтте емші: «Бұлақтан су әкеліндер», - деп әмір берді. Екі бокал суды ішіп жіберген соң, түк болмағандай құлантаза айығып, жақсы болып кеттім. Ол жерде үш күн болдым. Бұлақ суының жартысы ыстық, жартысы суық ағады екен, соған жуындым. Арғы беті өзбектердің жері екен. Біз қайтамыз деп отырғанда, өзбектер «қазақтар жуынып жатыр, малымыз қырылады» деп наразылық білдіріп, бұлақтың көзін цементтеп тастады. Бірақ Алланың құдіретімен, қанша цемент құйса да бұлақ тоқтаған жоқ, тесіп шықты. Сол жерде сынықшы Мерғалым ағамен таныстым.

Бір күні таңғы сағат 4-5-тердің шамасында түс көрдім. Түсімде бір ақсақал ата жанымда кәдімгідей тірі тұр екен. Қолында қисық таяғы, үстінде аппақ шекпені бар, басындағы бас киімінің қандай матадан тігілгенін айыра алмадым. Ол кісі маған: «Балам, неге жатырсың? Еліңе қайт. Сенің бұлағың – бабаңның бұлағы», - деді. Содан Атабұлақтан су алып, Қарағанды арқылы үйге кайттым. Сол кезде ағам ауырып, жатып қалған екен. Өлгі әкелген судан ағама ішкізіп едік, бірден тұрып кетті. Қайынатам да ас өтпей ауырып жатқан болатын. 48 күн бойы асқазанында қорытылмай тұрған тамақ «Атабұлақтың» суын ішкеннен кейін құсық арқылы сыртқа шығып, ол кісі де құлан-таза айықты. Үйге келген соң көрген түсімді шешеме айтып бердім. Шешемнен: «Атамның бұлағы қайда?» деп сұрадым. Ол кісі: «Маяжонның жанында сендердің аталарыңның «Мыңбай бұлақ» деген бұлағы бар», - деп жөн сілтеді. Аталарымыздың есімдері Мыңбай, Мыңтай, Нұрбай болатын. Ол бұлақтан кезінде «40 жылдық

совхозындағы» Кәбәрия емші де су алып, жындыған (психикалық ауруға шалдыққан) жандарды емдегенін айтты. Содан бері өзім ауырсам, тек сол бұлақтың суын ішетін болдым, - деп өткенді есіне алды Рымкеш апа.

«Алдыңызға алғаш рет ем іздеп келген жан есіңізде ме?» деген сауалымызға кейіпкеріміз былай деп сыр ақтарды: «1976 жылы Хабиба есімді әже жөргегіндегі Айбат есімді кішкентай сәбиді алып келді. Маған: «Бұл – жалғызым Мұраттың баласы. Балам жылаған сайын түсіме сен кіресің, көріп берші» деп өтінді. Ол кезде мектепте мұғаліммін, қалтамда партия билетім бар. Оның үстіне Қайса атаның «ешкімге айтпа» деген ескертуі тағы бар. Сөйте тұра, қорқа-қорқа сәбиді емдеуге кірістім. Көз тиген екен, беті бері қарады. Міне, содан кейін бұл ісім елге жария болып кетті де, ағылған халықты тоқтата алмадым».

Сұқбаттан кейін Айбатқа хабарласқан едік. Ол да кейін өз баласын Рымкеш апаға әкеліп, емдеткенін тілге тиек етті.

– 1994-1995 жылдары жаңа отау құрған кезімді еді. Тұңғышым Самат ұйықтамай, мазасыздана беретін. Ол уақытта ЦЭС-те тұрамыз. Баламды Рымкеш апайға апардым, ол кісі ұшықтап берді. Содан кейін ем-домы қонып, баланың мазасыздануы басылды, тынышталды. Қазір ұлым 32 жаста. Қолы қаншама жанның дертіне шипа болған асыл апамыздың ғұмыры ұзақ болсын! - дейді астаналық Айбат Омарова.

Рымкеш Сапарбекқызынан ем іздеп барған жандардың бірі – Екібастұз қаласының тұрғыны Бауыржан Түлебаев. Бауыржанның айтуынша, 1993-1994 жылдары зауытта жұмыс істеп жүргенінде аяғына шеге кіріп кеткен екен. Содан ауруханада бір ай емделеді, бірақ аяғының ауырғаны басылмайды. «Бір күні дәрігерлер мені үйге жуынып келуге жіберді. Кейін белгілі болғандай сол кезде дәрігерлер мені отаға дайындаған екен. Аяғымды емдей алмағандықтан, тек кесуге бел буған. Үйге жібергені де сол себепті екен. Сол кезде енем ЦЭС-те тұратын. Мені қаладан алғызып, Рымкеш апайға апарды. Емші апай сол сәтте-ақ қолдан дәрі жасап, аяғыма жақты. Артынша үсті-үстіне жеті түрлі шұлық кигізді де, «Бір аптадан соң келесің» деп шығарып салды. Бір апта бойы ЦЭС-те болдым. Айтқан уақытында алдына қайта бардым. Ол кезде аяғымды нық басатын халге жеткен едім. Шұлықты шешкенде таңғалдық: адам сенгісіз, іріңнен ештеңе қалмаған, жара мүлдем жазылып кетіпті. Міне, осындай кереметке қалай таңғалмайсың?! Кейін 2016-2017 жылдары қызымды да апардым. 22 жасқа толғанда қызыма ем қонбай, қатты ауырды. Апай оны бірнеше күн қасында ұстап, ұшықтап, ем-дом жасады. Қызым да дертінен құлан-таза айықты. Бұл кісіге алғыстан басқа айтарым жоқ. Емші апамыз ұзақ жасасын!» - деді ол.

Емшілік жолындағы таңғажайып оқиғалардың бірі – Жайма (қазіргі Қаратомар) ауылының тұрғыны Маймақов Хайролла ақсақалдың тағдыры. Қарағандыда ота жасалып, дәрігерлер «енді адам болмайды» деп үйіне қайтарған ақсақалды жақындары үміт үзіп Рымкеш апайға алып келеді. Алланың қалауымен ем жасап, 7 күннен кейін ақсақал өз аяғымен жүре бастайды. Ең



**Көз майын тауысқан мұра...**

қызығы, ем барысында апай аян арқылы қарияның ішінде ота кезінде ұмытылып кеткен 20 сантиметрлік медициналық шпательдің (темірдің) тұрып қалғанын көреді. Бірден Павлодардағы онкологиялық диспансердің білікті хирургы Тельман Бақытұлына жіберіп, қайта ота жасалғанда ішінен шынымен де темір алынады. Содан кейін тағы 25 жыл бақытты өмір сүрген Хайролла ақсақал 90-нан асып барып дүниеден озды.

Емшілікті табыс көзі емес, үлкен рухани миссия деп санайтын Рымкеш апай қазақ даласының емдік қасиеті бар өсімдіктерін, тамырлары мен гүлдерін теріп, олардан арнайы тұндырмалар мен майлар дайындайды. Емші тек тән жарасын ғана емес, жан жарасын да емдейді. Оның жылы сөзі, ақыл-кеңесі мен дұғасы науқастардың бойына сенімділік ұялатады.

– 50 жылдық тәжірибемде алдыма ем іздеп келетіндердің 50 пайызы – тері ауруларына шалдыққандар, ал 40 пайызы – жаман әдетке (ішімдік, шылым, есірткі және дұға оқылғандар т.б.) әуес болғандар. Өкінішке қарай, соңғы кездері мұндай дертке шалдыққандардың қатары тым көбейіп барады. Айта кететін жайт, тамыр арқылы есірткі қабылдайтын тәуелділерді емдеуге алмаймын. Ал шегетін есірткінің өзі үш түрге бөлінеді. Егер науқастың қасында ең жақын туысы болып, жауапкершілікті өз мойнына алып қолхат берсе, осы үш түрінен де емдеп шығарамын. Олар маған тек бір-ақ рет келеді, бәрін дұғамен емдеймін. Өзім химия-биология маманы болғандықтан, тері жарақаттары, ішкі құрылыс және буын ауруларына қандай шөптің шипа болатынын жақсы білемін. Кейде ресми медицинаның (үкіметтің) дәрі-дәрмектерін де қолданамын, оның да өз пайдасы бар. Ал ота жасатуды қажет ететін науқастарды бірден хирургтерге бағыттаймын. Мойындау керек, медицина қызметкерлері шошынған, қорыққан адамдарды, босанғаннан кейінгі стрессті және жаңа туған нәрестенің сары (сарғаю) болып туылуы сияқты жағдайларды емдей алмайды. Жаңа туған баланы 2-3 күн кварц шамның астына жатқызады да, «пневмония» деген диагнозбен шығарып жібереді. Мен мұндай балаларды әртүрлі (соның ішінде жалау) тәсілдерді қолдана отырып, 3 күннің ішінде құлан-таза айықтырып беремін, - дейді Рымкеш емші.

Рымкеш Сапарбекқызының өмірлік қағидасы ұстаздық пен әділдікке негізделген. Ол үшін ең үлкен жетістік – өзі дәріс берген шәкіртінің өзінен озып, биік шыңдарды бағындыруы. Болашақ ұрпақтың дұрыс қалыптасуының басты кепілі – «әділдік» дейтін апай, қазіргі қоғамдағы идеологиялық әлсіреу мен ойдан шығарылған негізсіз жаңа «жоралғыларға» назаланатынын да жасырмайды. «Қазақтың қай салт-дәстүрін алып қарасаңыз да, түсінген адамға тұнып тұрған философия. Мен ешбір дәстүрді өмірден өшірмес едім». Бүгінде ол жас қыз-келіншектерге құрақ құрауды, кесте тігуді және ұлттық дәстүрді қадірлеуді үйретуден жалықпай келеді. Рымкеш апаның қолынан шыққан дүниелер – нағыз өнер туындысы. Оның бойындағы бұл құштарлық нағашы әжесі Әлия Бақырбекқызынан дарыған. Әжесі кішкентайынан сырмақ сырды, киіз басуды, терме алаша тоқып, көрпе қаптауды үйретсе, кесте тігу мен ою оюды, киім пішудің хас шеберлігін мектептегі аяулы ұстазы Камашева Гүлсагила апайдан үйреніп, шыңдаған. Шебердің шеберханасынан шыққан туындылардың ерекшелігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қолөнер шебері жасаған құрақ көрпелер мен сырмақтар бояулар үйлесімділігімен және ою-өрнегінің терең мағынасымен ерекшеленеді. Көрпе тігудегі әрбір құрақты Рымкеш апай жақсылықтың, бірліктің нышаны деп біледі. Рымкеш Сапарбекқызы «Қолөнер – тек ермек емес, ол – ұлттың тарихы, шежіресі. Ал емшілік – Алланың берген аманаты, соны таза ұстап, халықтың игілігіне жұмсау – менің парызым» деген қағиданы ұстанады.

Рымкеш Сапарбекқызы үшін өмірдегі ең қадірлі марапат – төсбелгілер мен атақтар емес, алдына келіп шипа тапқан жандардың бақыты мен қалың халықтың ақжарма алғысы. Оның өнегелі өмірі мен қажырлы еңбегі – аналарымыздың асыл қасиеттерін бойына жинаған, қазақ мәдениеті мен саулығының шырақшысы болып отырған тұлғаның шынайы бейнесі. Атқарған игі істері ел жадында сақталып, келер ұрпаққа мәңгілік үлгі болып қала бермек.

МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ

# АҚМАРАЛ БОРАНБАЕВА:

## «ҚАТЕРЛІ ІСІКТІ ЖЕҢУДІҢ БАСТЫ ҚҰПИЯСЫ – ҚОРҚЫНЫШТЫ ЫСЫРЫП ТАСТАП, ДӘРІГЕРГЕ СЕНУ»



**«Қатерлі ісік» деген диагнозды естігенде кез келген адамның бойын үрей билейтіні жасырын емес. Бірақ бұл дертпен күресіп, жеңіп шыққандардың тарихы бізге үміт сыйлайды. Онкологиялық ауруларды дер кезінде анықтау неге маңызды? Аты жаман аурудан қалай қорғанамыз? Осы және өзге де маңызды сұрақтарға жауап іздеп, ауданымыздағы онколог-дәрігер Ақмарал Боранбаевамен сұқбаттасқан едік.**

**– Әңгімемізді өзіңізден бастасақ. Неліктен медицинаның ең күрделі де ауыр саласы – онкологияны таңдадыңыз?**

– Менің алғашқы әрі негізгі мамандығым – хирург. Өздеріңізге белгілі, Баянауыл өңірінде онколог маманының тапшылығы қатты сезілді. Аудан тұрғындарына дер кезінде, сапалы көмек көрсету қажеттілігі туындағандықтан, 2016 жылы арнайы қайта даярлау курсынан өтіп, онколог сертификатына ие болдым. Бұл мамандықты таңдауыма өмірдің өзі және туған жеріме пайдалы болу мақсаты жетеледі. Онколог жұмысының психологиялық салмағы өте ауыр. Дәрігер ретінде иығыма түсетін ең қиын сәт – науқастың қолына гистологиялық сараптама-ның қорытындысын ұстатып тұрып: «Өкінішке орай, сіздің талдауыңызда қатерлі ісік жасушалары бар, шұғыл түрде ем қажет» деп айту. Осы сөзді дұрыс жеткізу, адамның бойындағы үрейді басып, оны өмір үшін күресуге психологиялық тұрғыда дайындау – біздің ең үлкен жауапкершілігіміз.

**– Қазіргі уақытта ауданда онкологиялық аурулардың таралу деңгейі қандай? Соңғы жылдары өсім бар ма, әлде азаю байқала ма?**

– Жасыратыны жоқ, соңғы жылдардың статистикасына сүйенсек,

аурушандық көрсеткіші бойынша өсім байқалады. Бірақ бұл үрейленетін жағдай емес. Бұл өсім – медицинаның ілгерілеуі мен ерте диагностиканың нәтижесі. Яғни, қазіргі таңда ауру жасырын қалып қоймай, заманауи тексерулердің арқасында ең алғашқы, бастапқы кезеңдерінде көптеп анықталып жатыр. Ал ісікті ерте анықтау – дерттен толық айығып кетудің кепілі.

**– Аудан тұрғындары арасында қатерлі ісіктің қандай түрлері жиі кездеседі? Ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтар қандай?**

– Жыныстық ерекшеліктерге тоқталсақ, ер азаматтар арасында өкпе мен асқазан қатерлі ісігі жиі кездеседі. Ал нәзік жандылар арасында, өкінішке орай, сүт безі мен жатыр мойны қатерлі ісігі көш бастап тұр.

**– Науқастардың жас ерекшелігіне тоқталсаңыз. Жалпы, «қатерлі ісік жасарып барады» деген пікірмен келісесіз бе?**

– Иә, бұл пікірмен толық келісуге негіз бар. Бүгінгі таңда дерттің «жасару» үрдісі анық байқалады. Мәселен, қазіргі уақытта жып-жылдам есейіп келе жатқан жас қыздарымыздың арасында жатыр мойны қатерлі ісігінің жиі кездесіп жатқандығы бізді қатты алаңдатады.

**– Қатерлі ісікті ерте кезеңде анықтауда скринингтік тексерулердің маңызы зор. Осы орайда ауданда бұл жұмыс қалай ұйымдастырылған? Биылғы жылдың қандай жаңалықтары бар?**

– Скрининг – дені сау адамдарды тегін тексеруден өткізудің таптырмас тетігі. Басты жаңалық: 2026 жылдан бастап скринингтен өтудің жас шегі ұлғайтылды. Енді жатыр мойны скринингі – 74 жасқа дейін, сүт безі мен колоректальді (ішек аурулары) скринингі – 76 жасқа дейін жүргізіледі. Ауыл тұрғындары бекітілген жас ерекшеліктеріне сәйкес арнайы

шақыртулар арқылы белсенді түрде тексеруге тартылууда.

**– Ауыл тұрғындарының бұл дертпен күресудегі басты қателігі неде?**

– Тұрғындардың ең басты қателігі – қорқыныш пен селқостық. Көбіне «жаман ауру анықталып қалады» деген үреймен дәрігерге келуді кейінге шегереді. Ақпараттың аздығы себеп деп айта алмаймын, өйткені, қазіргі таңда әрбір аурухана мен емханада, әлеуметтік желілерде толықтай мәліметтер бар. Тек дер кезінде өзіне уақыт бөліп, денсаулыққа мән беру жетіспей жатады.

**– Аудандық аурухананың материалдық-техникалық базасы қатерлі ісікті алғашқы сатысында анықтауға қаншалықты қауқарлы?**

– Баянауыл аудандық ауруханасында дертті бірінші кезеңде анықтауға қажетті материалдық-техникалық база толық бар. Біз заманауи рентген, маммограф, УДЗ аппараттарымен және арнайы қан талдауларын жасайтын зертханамен толық қамтылғанбыз. Ал егер науқасқа тереңдетілген, қосымша күрделі зерттеулер (КТ, МРТ) қажет болған жағдайда, еш кідіріссіз облыс орталығына бағыттаймыз. Диагноз нақтыланған сәттен бастап науқас бірден диспансерлік есепке алынады. Одан кейін емдеу тактикасына сәйкес – ота жасауға, химиятерапияға немесе сәулелік терапияға арнайы портал арқылы тіркеледі. Бұл жүйеде уақыт созылмайды, бәрі автоматтандырылған және шұғыл түрде реттелген. Өйткені, уақыт – біз үшін ең қымбат ресурс.

**– Көптеген адам бұл диагнозды естігенде депрессияға түседі немесе емнен бас тартып, бақсы-балгерлерге, халық емшілеріне жүгінеді. Мұндай жағдайлармен жиі кездесесіз бе? Оларды қалай көндіресіздер?**

– Ондай науқастар, өкінішке орай кездеседі. Мұндай сәтте біз үлкен ұжымдық жұмыс атқарамыз. Бірінші кезекте ауруханамыздың кәсіби психологы арнайы әңгімелесу жүргізеді. Сонымен қатар науқастың туған-туыстарымен, жақындарымен тығыз байланыс орнатамыз. Оларға емді тез арада ғылыми медицина арқылы бастасақ, нәтижесі де жоғары әрі жақсы болатынын, алтын уақытты емшілерге құртып алсақ, кеш болатынын түсіндіріп, райынан қайтарамыз. Ауданда бұл бағытта арнайы «мобильдік бригада» жұмыс істейді. Бұл бригаданың құрамында учаскелік дәрігер, мейірбике, психолог және әлеуметтік қызметкер бар. Олар науқастың үйіне барып, жағдайын бақылайды. Науқастың өмір сапасын жақсарту үшін қажетті күшті әсер ететін, ауырсынуды басатын дәрі-дәрмектер қолма-қол

және дер кезінде еш қиындықсыз беріледі.

**– Жалпы қатерлі ісіктің пайда болуына негізгі әсер ететін факторлар ретінде нені атап едіңіз?**

– Бұл дерттің туындауына көптеген факторлардың жиынтығы әсер етеді. Иә, оның ішінде экология мен тұқым қуалаушылықтың да үлесі бар. Бірақ адамның өз қолындағы факторлар да аз емес: темекі шегу, алкогольдік ішімдіктерге әуестік, сапасыз әрі ретсіз тамақтану (фастфуд, газды сусындар) және ең бастысы – аз қозғалыс, яғни гиподинамия. Осының бәрі ағзаның иммунитетін әлсіретіп, ісік жасушаларының бас көтеруіне әкеледі.

**– Кез келген адам өз денсаулығындағы қандай белгілерге (симптомдарға) алдымен назар аударып, дабыл қағуы керек?**

– Әр адам өз денесіне мұқият болуы тиіс. Әйелдер қауымы ай сайын айна алдында тұрып, сүт бездерін өздігінен сипап тексеруді (пальпация) әдетке айналдыруы қажет. Кіші және үлкен дереттің жұмысына, онда қан немесе басқа да бөтен патологиялық қоспалардың бар-жоғына назар аудару керек. Жатыр мойнынан немесе тік ішектен негізсіз қан кетулер болса – бұл шұғыл белгі. Теріде пайда болған меңдердің түсі мен көлемінің өзгеруі, сондай-ақ ауыз қуысында ұзақ уақыт бойы жазылмайтын жаралардың болуы – дереу дәрігерге көрінуді талап ететін дабылдар.

**– Аудан тұрғындарына, оның ішінде өсіп келе жатқан жастарға дәрігер ретінде айтар ең басты кеңесіңіз бен үндеуіңіз қандай?**

– Ең бастысы – өз денсаулығыңызға жауапкершілікпен қараңыз! Скринингтік тексерулерден дер кезінде өтіңіздер. Жылына кем дегенде 1 рет міндетті түрде қан тапсырып, іш құрылысын УДЗ-дан өткізіп, флюорография жасатып тұру қажет. Дұрыс тамақтанып, спортпен шұғылданып, гиподинамиядан арылу керек. Ал жас қыздар мен олардың ата-аналарына айтар ерекше кеңесім: 11 жастан бастап адам папилломасы вирусына (ВПЧ) қарсы екпе алуды созбаңыздар. Бұл екпе болашақта жатыр мойны қатерлі ісігінен 90-100 пайызға дейін сенімді қорғайды. Денсаулық – басты байлық, оны дер кезінде күтейік!

**– Ақмарал ханым, тұшымды да маңызды сұқбатыңызға рақмет! Кәсіби мерекеңіз құтты болсын, еңбегіңіздің жемісін көріңіз!**

Сұқбатты жүргізген:  
Ақбөпе Молдашева,  
Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың  
2-курс студенті

## БЖЗҚ

# ҚАЗАҚСТАНДА БОЛАШАҚ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ҚАЛАЙ КӨБЕЙТУГЕ БОЛАДЫ?

Тиісті ұсынымдарды 17 маусымда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) баспасөз қызметі жариялады. Мамандардың айтуынша, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне кезең-кезеңімен көшу жағдайында болашақ зейнетақының мөлшері азаматтардың жинаған қаражатына тікелей байланысты болады. Сондықтан әр адам өз зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға белсенді қатысуы қажет.

Жинақтардың өсуін қамтамасыз ету үшін келесі қадамдар маңызды:

– жарналардың толық әрі тұрақты түсуін бақылау. Бұны БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинетте немесе мобильді қосымшасында 24/7 режимінде жасауға болады;

– инвестициялық басқару мүмкіндіктерін арттыру. Салымшылар өз таңдауы бойынша міндетті жинақтарының 50%-на дейін және ерікті жинақтарының 100%-на дейін жеке инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) басқаруға беруге құқылы. Тәуекел деңгейіне, күтілетін кірістілікке, сондай-ақ инвестициялау мерзіміне байланысты ИПБ-ның инвестициялық стратегиясын БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинетте таңдауға болады.

– мүмкіндігінше ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) төлеу. ЕЗЖ-ны өз шотыңызға тек өзіңіз үшін ғана емес, жақындарыңыз, соның ішінде көмелетке толмаған балаларыңыз үшін де аудару-

ға болады. БЖЗҚ ЕЗЖ-ға арналған шоттарды алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашады. Жұмыс берушілер бұл опцияны әлеуметтік пакетке қоса отырып, өз қызметкерлері үшін ЕЗЖ аударуға алады.

Заңнамада ЕЗЖ үшін салықтық ынталандыру амалдары қарастырылған:

– төленген ЕЗЖ қызметкердің табысы болып есептелмейді және қызметкер одан жеке табыс салығын (ЖТС) төлемейді;

– жұмыс беруші қызметкердің пайдасына жасаған ЕЗЖ бойынша шығыстарын шегерімге жатқызады.

Салымшы ЕЗЖ есебінен жиналған қаражаттан төлемдерді 50 жастан бастап (яғни зейнеткерлік жасқа толмай тұрып) алуға құқылы. БЖЗҚ ұсынатын сервистердің көмегімен зейнетақыны болжау және жоспарлау, зейнетақы калькуляторы мен дербес зейнетақы жоспары болашақ төлемдерді есептеуге және жинақтарды түзетуге мүмкіндік береді. Бұл сервистер БЖЗҚ сайтында және мобильді қосымшасында қолжетімді.

Зейнетақы – бұл ұзақ мерзімді қаржылық құрал, оның тиімділігі салымшының белсенділігіне тікелей байланысты. Жинақтарды қалыптастыру мен оларды инвестициялау неғұрлым ерте басталса, жинақтаушы зейнетақы соғұрлым жоғары болады.

Zakon.kz

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Майкаинзолото» АҚ «Майкаин-В» кен орнының тау-кен жұмыстарын жүргізу салдарын жою жоспарының «Қоршаған ортаны қорғау» бөліміне жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Талқылаулар 2026 жылғы 29 маусымнан 13 шілдеге дейін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында өткізілетін болады <https://ndbecology.gov.kz/>.

Бастамашы: «Майкаинзолото» АҚ.

Мүдделі қоғам өкілдерінің ескертулері мен ұсыныстары <https://ndbecology.gov.kz/> порталы арқылы қоғамдық талқылау кезеңі аяқталғанға дейін қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Майкаинзолото» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений к Разделу «Охрана окружающей среды» к Плану ликвидации последствий ведения горных работ месторождения «Майкаин-В». Обсуждения будут проводиться с 29 июня по 13 июля 2026 года на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор: АО «Майкаинзолото».

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются до окончания срока публичных обсуждений посредством портала <https://ndbecology.gov.kz/>

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Нотариус нотариального округа Павлодарской области Оразбаев А.Ж., лицензия № 24020441 от 06.06.2024 года, сообщает об открытии наследства, оставшегося после смерти Дюсенаева Набиуллы Карабаевича, умершего 19.12.2025 года. Тел. нотариуса: 87713132882.

## ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАГАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН АУДАНИШІЛІК ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

1. «Баянауыл ауданы экономиканың нақты сектор бөлімі» ММ, 2026 жылғы 20 шілде күні сағат 15.00-де Баянауыл ауылы, Қ.Сәтбаев көшесі, 45 мекенжайы бойынша өткізілетін, жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданишілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

2. Конкурстық келесі маршруттар пакеті (маршруттар) шығарылған:  
Лот №1 Ұзынбұлақ-Баянауыл-Ұзынбұлақ (Ұзынбұлақ, Ақши, Қ.Сәтбаев, Мұса Шорман, Құндыкөл, Егіндібұлақ, Қаражар, Баянауыл)

Лот №2 Майқайың-Баянауыл-Майқайың (Майқайың, Майкөбе, Шөптікөл, Бірлік, Баянауыл)

Лот №3 Ж.Шанин-Баянауыл-Ж.Шанин (Ж.Шанин, Қойтас, Жарылғал, Шоманкөл, Баянауыл)

Лот №4 Жаңажол-Баянауыл-Жаңажол (Жаңажол, Қарашоқы, Бүркітті, Ескелді, Баянауыл)

Лот №5 Қаратомар-Баянауыл-Қаратомар (Қаратомар, Белағаш, Жаңатілек, Баянауыл)

Лот №6 Ақсаң-Баянауыл-Ақсаң (Ақсаң, Жалғызқайың, Баянауыл)

3. Конкурстық меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарын (автобустар, шағын автобустар) иеленетін заңды, жеке тұлғалар қатысуға құқықты.

4. Конкурстық қатысуға ниет білдірушілер «Баянауыл ауданы экономиканың нақты сектор бөлімі» ММ-не конкурстық комиссиясына өтінімін жазбаша түрде Баянауыл ауылы, Қ.Сәтбаев көшесі, 49 мекенжайы бойынша ұсына алады немесе электрондық пошта арқылы: [bayan\\_jkh1@mail.ru](mailto:bayan_jkh1@mail.ru). Өтініштің үлгісін Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығынан жүктеуге болады.

5. Конкурстық құжаттарды алу және конкурсқа өтініш берудің соңғы қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 7 шілде сағат 18.30-ға дейін.

6. Анықтама алу 8 (71840) 92869 телефоны бойынша.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА НА ПРАВО ОБСЛУЖИВАНИЯ МАРШРУТОВ РЕГУЛЯРНЫХ ВНУТРИРАЙОННЫХ АВТОМОБИЛЬНЫХ ПЕРЕВОЗОК ПАССАЖИРОВ И БАГАЖА

1. ГУ «Отдел реального сектора экономики Баянаульского района» объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов внутрирайонных автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится в 15.00 часов 20 июля 2026 года по адресу: с. Баянаул, ул. Сатпаева 45.

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов (маршруты):  
Лот №1 Узынбулак-Баянаул-Узынбулак (Узынбулак, Ақши, Сатпаев, Мұса Шорман, Құндыкөл, Егіндібулак, Қаражар, Баянауыл)

Лот №2 Майкаин-Баянауыл-Майкаин (Майкаин, Майкөбе, Шоптыколь, Бирлік, Баянауыл)

Лот №3 Ж.Шанин-Баянауыл-Ж.Шанин (Ж.Шанин, Қойтас, Жарылғал, Шоманкөл, Баянауыл)

Лот №4 Жанажол-Баянауыл-Жанажол (Жанажол, Карашоки, Буркытты, Ескельды, Баянауыл)

Лот №5 Каратомар-Баянауыл-Каратомар (Каратомар, Белағаш, Жанатлек, Баянауыл)

Лот №6 Ақсан-Баянауыл-Ақсан (Ақсан, Жалғызқайың, Баянауыл)

3. В конкурс принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.

4. Желающие принять участие в конкурсе представляют в ГУ «Отдел реального сектора экономики Баянаульского района» письменную заявку на получение комплекта конкурсных документов по адресу: с. Баянаул, ул. Сатпаева, 49 либо по электронной почте: [bayan\\_jkh1@mail.ru](mailto:bayan_jkh1@mail.ru). Образец заявления можно скачать в приказе и.о. министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 26 марта 2015 года № 349.

5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в конкурсе: до 18.30 часов 7 июля 2026 года.

6. За справками обращаться по телефону: 8 (71840) 92869.



«Баянтау» газетінің  
редакциясы» ЖШС

Құрылтайшы:

Айдана Тұрғынбайқызы  
АЙТУҒАНОВА  
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.  
Таралымы: 1550 дана  
Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің  
редакциясында теріліп, беттеліп,  
«Баспа үйі» ЖШС баспаханасында  
басылады.

Баспа мекенжайы: Павлодар  
қаласы, Астана көшесі, 143-үй.  
Газеттің сапасы мен уақытында  
шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,  
Баянауыл ауылы,  
Сәтбаев көшесі, 49-үй  
Жұмыс тел.: 9-28-37  
Эл. пошта: [redakciyabayantau@mail.ru](mailto:redakciyabayantau@mail.ru)  
Instagram: [@bayantau\\_gazeta](https://www.instagram.com/bayantau_gazeta)  
Facebook: Баянтау газеті

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ – ӨНЕГЕГЕЛІ ҒҰМЫР!



“Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет.  
Ұстаздық – жүректің батырлығы,  
Ұстаздық – мінездің күн шуағы.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

*Әлемде ең кең таралған әрі мәңгілік тозбайтын киелі мамандық – ұстаздық. Мұғалім еңбегінің басты ерекшелігі – оның қоғам мен оскелең ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілігінде. Ірі қоғам қайраткері, жазушы әрі педагог Жүсіпбек Аймауытов бұл жөнінде: «Білімге деген ынталанушылық – адам бойындағы ой еңбегінің қайнар көзі. Сондай көздерді көбірек ашу, бөгетсіз саулатып ағызу, өрнектеу өнері – мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек», - деген екен. Осындай қасиетті бойына сіңіріп, ұстаздық жолды мұрат тұтқан, талай шәкіртті білім нәрімен сусындатқан айтулы тұлға – академик Қ.И. Сәтбаев атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қасенова Фатима Зейноллақызы.*



## Арманға қанат қаққан жылдар...

Фатима Зейноллақызы 1964 жылы Теңдік (қазіргі Мұса Шорман) ауылында дүниеге келді. Осы ауылдағы сегізжылдық мектепті тәмамдап, содан кейін орта мектепті бітірген соң, үлкен өмірге шәкірттік қиялмен қанат қақты. Оның бала күнгі ең үлкен арманы – ұстаз болу еді. Саналы ғұмырын осы салаға арнауды мақсат еткен бойжеткеннің қызығушылығы өзіне дәріс берген мұғалімдердің сан қырлы еңбегін көріп өскеннен басталды. Фатима апай өз естелігінде: «Маған үлгі болған, ізденісіме қанат бітіріп, ұстаз болуыма себепкер болған тылсым күш тарих пәнінің мұғалімі Нескен Мәлікқызынан дарыған еді», - деп үнемі жылылықпен еске алады.

Фатиманың өскен ортасы, шыққан ұясы – еңбегімен және қарапайымдылығымен ел құрметіне бөленген үлгілі отбасы. Әкесі Зейнолла – бала жасынан колхоз, совхоздың малын бағып, ел ішінде «Біздің Зекең» атанған абыройлы ел ағасы болатын. Зекең шопандық еңбегімен қоса, 1967-1970 жылдары Теңдік ауылында құрылған көркемөнерпаздар ұжымының белді әншісі болып, ауылдың мәдени өміріне де елеулі үлес қосты. Анасы Тыныштық – өзінің қарапайым мінезімен отбасының ырыздығы мен берекесін келтірген ақ жаулықты жан. Осы шаңырақта он бала тәрбиелеп өсірген «Батыр ана» мен Зейнолла ағай әр перзентін адалдыққа, қарапайымдылық пен адамгершілікке баулады. Ұрпағын білім мен еңбекке тәрбиелей отырып, тоқсаныншы жылдардағы жекешелендіру кезінде өзі еңбек еткен Қаратұмсық мекенінде «Төлепберген» атты шаруа қожалығын ұйымдастырды. Бүгінде балалары әке аманатын ақтап, сол кәсіптің нәсібін көріп отыр және Мұса Шорман ауылының жанашыр кәсіпкерлері ретінде елге қызмет етуде.

## Еңбек жолы және ұстаздық шеберлік

Фатима отбасының үлкені болғандықтан, әкесі оның білім алуына ерекше көңіл бөлді. Қызының алға қойған мақсатын қолдап, 1983 жылы Екібастұз педагогикалық училищесіне оқуға түскен күні Зейнолла ағаның әкелік ақ жүрегі қуанышқа толы болған еді. Оқуын сәтті тәмамдаған Фатима 1986 жылы өзінің туған ауылындағы Қ.Сәтбаев мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып алғашқы еңбек жолын бастады. Сол кезде мектеп

басшылығы жас маманның жұмыс жоспарларын тексеріп, әдістемелік жұмыстың қыр-сырын үйренуге бағдар береді. Тұңғыш қабылдап алған сыныбымен жүргізген жұмысына, іскерлігі мен қабілетіне, жауапкершілігі мен жаңашыл тәжірибеге ұмтылысына риза болған басшылық келесі жылы мектепте алғаш рет ашылған алты жасарлар сыныбын нық сеніммен Фатима Зейноллақызына тапсырады.

Ізденіс түбі – шеберлік. Фатима Зейноллақызы бұл сынақтардың бәрінен сүрінбей өтті. Білім негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге мәлім. Білім табалдырығын алғаш аттаған балғын шәкірттің сауат ашуы, оқып-жаза білуі және жан-жақты дамуына сара жол салатын бастауыш сынып мұғалімінің еңбегі өлшеусіз. Жан дүниесінің байлығы, білімділігі мен ұйымдастырушылық қабілеті арқасында Фатима апай озық тәжірибелер мен жаңа технологияларды мектеп өміріне енгізуде алдыңғы шептен көрінді. Ол бастауыш сынып мұғалімдерінің «Ізбасар» тобына жетекшілік етіп, әріптестерінің білім сапасын арттыруына үлкен үлес қосты. Өзінің бай шығармашылық және әдістемелік тәжірибесін жас мамандарға үйретуді парызым деп санаған ұстаз осы жауапкершілікті атқара жүріп, 2003-2006 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білім алады. Өзінің ұстаздық жолында Фатима апай он рет бастауыш сынып түлектерін жоғары сыныпқа қанаттандырып ұшырды. Бүгінгі күні шәкірттері ұстаздарынан алған берік білімдерін мақтаныш етеді, еліміздің түкпір-түкпірінен жүрекжарды ризашылықтарын жолдап отырады.

## Отбасы – өмір тірегі

Фатима Зейноллақызы – тек қана білікті маман емес, отбасында әйел-ана бақытына бөленген тумысы бөлек, берекелі жан. 1989 жылы шаңырақ көтерген өмірлік серігі Тұмар Әбсәләмұлы Рахымбековпен бірге ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты отбасының тірегі болып отыр. Фатима апай келін болып түскен шаңырақ – ауылымыздың сыйлы ақсақалының Әбсәләм Рахымбеков пен Үмітжан Айтжанның әулеті. Осы үлгілі отбасынан тараған ұрпақтың бірі – Тұмар аға. Ол атасы Рахымбекке тартқан, қолынан темірді терідей

илейтін хас шебер. Совхоз кезінен механизаторлық мамандықты меңгеріп, техника тілін жетік білетін, шаруашылықтың кез келген кем-кетігін бүтіндейтін белді маман. Бірі – білімнің, бірі – еңбектің туын ұстаған қос жұптың шаңырағында үш бала тәрбиеленіп өсті. Олар: Арайлым – ана жолын қуған ұстаз, бүгінде Қарағанды қаласында еңбек етеді. Айхан – кәсіпкер, Айсұлтан Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің соңғы курсында оқиды.

Фатима Зейноллақызы өз сөзінде: «Мен үшін отбасым – өмірдің тірегі, ал ұстаздық мамандығым – жүрегімнің таңдауы. Ұстаздық жол – жүреппен атқарылатын қасиетті мамандық. Ал ұстаз үшін ең үлкен марапат – шәкірттерімнің биіктен көрінуі. Олардың жетістігі – менің де ұстаздық еңбегімнің жемісі», - деп ағынан жарылды.

Ол ешқашан мансап пен марапатқа қызыққан емес. «Шәкірттерімнің жетістігі – мен үшін ең үлкен марапат, ұстаз үшін одан асқан бақыт жоқ» деген жүрекжарды пікірі оның нағыз маман екенін дәлелдейді.

## Зейнет – бейнеттің зейіні

Талай асуларды артқа тастап, жүздеген шәкіртті білім нәрімен сусындатқан кешегі шәкірттім, бүгінгі әріптесім Фатима Зейноллақызы зейнеткерлік жасқа келіп, еңбек еткен мектеп ұжымы мен білім берген шәкірттері оны үлкен құрметпен демалысқа шығарып салды. Осындай салтанатты рәсімді көру мен үшін де ерекше әсерлі болды. Кешегі шәкірттім – бүгін зейнеткер! Мен де зейнеткермін. Білім өткелінің талай асуларынан қол ұстасып бірге өттік, қарттық шақта да бір арнада тоғыстық. Бұл, әрине – мағыналы өмір, үлкен ғұмыр!

Фатима Зейноллақызы, ұстаздықтың дара жолындағы абыройыңыз өлі де жоғарыдан көрініп, келер жастарға ақыл-кеңес беретін күш-қайратыңыз сарқылмасын. Отбасыңыздың өз әжесі, ақ жаулықты анасы болып, өмірлік серігіңіз Тұмармен бірге немере-шөберелеріңіздің қызығына кенеліп, бақытты ғұмыр кешіңіздер. Сүйікті жандардың ортасындағы зейнеткерлік шағыңыз зор денсаулыққа, жан тыныштығы мен шаттыққа толы болсын!

Нескен Мәлікқызы,  
Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі,  
Баянауыл ауданының Құрметті азаматы